Жезқазған қаласының «Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы аналитикалық анықтама

«12» 06 2026 ж. Жезқазған қаласы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 21 қарашада № 14441 болып тіркелген) сәйкес мынадай құрамдағы жұмыс тобы:

Айтбаева А.А. — Жезқазған қаласының «Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ басшысы, жұмыс тобының төрағасы;

Қабден А.Қ. — Жезқазған қаласының «Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ маманы, жұмыс тобының мүшесі;

Игибаева Г.Б. — Жезқазған қаласының «Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ маманы, жұмыс тобының мүшесі;

Мұхаметәлі А.Е. — Жезқазған қаласының «Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ әдіскері, жұмыс тобының хатшысы.

1. Нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Жезқазған қаласының «Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ (бұдан әрі — бөлім) өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94-I «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V «Мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар қызметтер туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-II «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРК Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдедегі №

673 «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидаларын бекіту туралы» қаулысын, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің «Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 тіркелген), Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» бұйрығын, сондай-ақ Жезқазған қаласының «Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ туралы ережені басшылыққа алады.

Көрсетілген кезең бойынша талдауға сәйкес бөлім барлығы 98 бұйрық дайындаған, оның ішінде:

жеке құрам бойынша басшының бұйрықтары (жұмысқа қабылдау, лауазымға тағайындау, жұмыстан босату, ауыстыру, іссапарлар, демалыстар, еңбекақы төлеу, сыйақы беру, төлемдер, жәрдемақылар, біліктілікті арттыру, тәртіптік жаза қолдану және алу туралы) — 75 бірлік;

негізгі қызмет бойынша басшының бұйрықтары — 23 бірлік.

Талдау нәтижелері бойынша бұйрықтарды дайындау жөніндегі жұмыс белгіленген тәртіппен жүзеге асырылғаны, бұзушылықтар анықталмағаны белгілі болды.

Ұсыныс: бұйрықтарды дайындау және ресімдеу кезінде қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын үнемі бақылауда ұстау, кадрлық іс жүргізу сапасын арттыру және құжаттарды уақтылы ресімдеуді қамтамасыз ету.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

1) Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекеліне ұшыраған лауазымдарды айқындау

Жезқазған қаласының «Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-нің штат саны 4 бірлікті құрайды, оның 1 бірлігі бос лауазым болып табылады.

Бөлімге жұмысқа қабылданатын барлық қызметкерлер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес арнайы тексеруден өтеді. Қызметкерлерді іріктеу, лауазымға тағайындау және қызмет бойынша жоғарылату қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 241 бұйрығымен бекітілген «Тұрғын үй инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің үлгілік ережесіне сәйкес, тұрғын үй инспекциясы елді мекендер шекарасында тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау салаларындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде мемлекеттік бақылауды, сондай-ақ қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына өнеркәсіптік қауіпсіздік

саласында әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру үшін заңды тұлға мәртебесі бар коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Бөлімнің штатында 4 бірлік көзделген:

1 бірлік — бөлімнің басшысы;

1 бірлік — тұрғын үй мәселелері жөніндегі сектор меңгерушісі;

1 бірлік(бос лауазым) — тұрғын үй мәселелері жөніндегі бас маман;

1 бірлік — коммуналдық мәселелер жөніндегі бас маман;

1 бірлік — газ, газбен жабдықтау және мемлекеттік қадағалау жөніндегі сектор меңгерушісі қажет етіледі.

Бұл ретте тұрғын үй мәселелері жөніндегі сектор меңгерушісі мен бөлімнің бас маманы қазіргі уақытта бала күтіміне байланысты демалыста болып отыр, бұл қалған қызметкерлерге қосымша жүктеме түсіріп, бөлімге жүктелген функциялардың орындалуын қиындатады.

Талдау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.

Ұсыныс: кадрларды іріктеу, тағайындау және мансаптық өсу рәсімдерінің ашықтығы мен заңдылығын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен талаптардың сақталуын үнемі бақылауда ұстау, сондай-ақ қолданыстағы қызметкерлерге түсетін жүктемені азайту мақсатында бос лауазымды толтыру мәселесін қарастыру.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша бөлімде жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірлесіп қызмет ету фактілері анықталмады, мүдделер қақтығысы жағдайлары тіркелмеген. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал ететін мән-жайлар мен бұзушылықтар анықталған жоқ, бұл мәселе бойынша өтініштер түспеген.

Ұсыныс: қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мәселелері бойынша тұрақты негізде түсіндіру жұмысын жүргізу және мүдделер қақтығысының жол берілмеуіне бағытталған ішкі бақылау тетіктерін жетілдіру.

3) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

Жезқазған қаласының «Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру» және «Тұрғын үй сертификаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін ұсынады.

«Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94-I «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдедегі № 673 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидаларына сәйкес көрсетіледі. Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру мәселесі көрсетілген Қағидаларда

белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органның тұрғын үй комиссиясы шешеді.

«Тұрғын үй сертификаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес көрсетіледі (тұрғын үй сертификаты — азаматтарға ипотекалық тұрғын үй заемдары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабуға немесе әлеуметтік қолдау түрінде берілетін жергілікті атқарушы органның ақшалай міндеттемесінің нысаны) және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығымен бекітілген Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 тіркелген).

Талдау нәтижелері бойынша көрсетілген мемлекеттік қызметтердің бөлім тарапынан оларды көрсету стандарттары мен қағидаларына сәйкес, белгіленген мерзімде, өтініш берушілердің құқықтарын сақтай отырып көрсетілетіні анықталды. Заңнаманы бұзу, негізсіз бас тарту фактілері, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Ұсыныс:«Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру» және «Тұрғын үй сертификаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін қолданыстағы заңнама мен бекітілген қағидалар талаптарына қатаң сәйкестікте көрсетуді жалғастыру, рәсімдердің ашықтығын және өтініш берушілермен түсіндіру жұмысын қамтамасыз ету.

4) Рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру

Жезқазған қаласының «Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-де рұқсат беру функциялары жүзеге асырылмайды.

5) Бақылау-тексеру функцияларын жүзеге асыру

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша бөлімнің бақылау-тексеру функцияларын жүзеге асыру кезінде заңнама бұзушылықтары мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

6) Бюджеттік және қаржылық қаражатты игеру және бөлу

Талдау нәтижелері бойынша бөлімнің бюджеттік және қаржылық қаражатын игеру және бөлу кезінде бюджет заңнамасы мен мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың бұзылу фактілері анықталған жоқ.

Ұсыныс: бөлім қызметіне бөлінетін бюджет қаражатының уақтылы және тиімді игерілуін қамтамасыз ету.

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Талдау нәтижелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу кезінде бұзушылық фактілері анықталған жоқ.

8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану

Бөлімде ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану жүзеге асырылмайды.

9) Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бар екенін көрсететін өзге де мәселелер анықталған жоқ.

Қорытынды

Жезқазған қаласының «Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша бөлім қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жүйелі және жоғары деңгейдегі көріністері анықталған жоқ.

Талдау барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін нормативтік құқықтық актілердегі дискрециялық нормалар анықталған жоқ. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтің барлық бағыттары бойынша (кадр саясаты, мүдделер қақтығысы, мемлекеттік қызметтерді көрсету, рұқсат беру және бақылау-тексеру функциялары, бюджет қаражатын игеру, шарттар жасасу, ақпараттық жүйелер) бұзушылықтар анықталған жоқ.

Жезқазған қаласының «Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға бағытталған ішкі бақылау жүйесі жұмыс істейді. Мынадай талаптар орындалуға тиіс:

сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін және іс-шаралар жоспарын интернет-ресурста уақтылы орналастыру;

ішкі талдау ұсынымдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

ұсынымдардың орындалуын бақылау мен мониторингілеуді өз мойныма аламын.

«Жезқазған қаласының Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ басшы **А.А. Айтбаева**